

Республикалық Жол қорының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 4 наурыздағы N 292

Алматы қаласының темір жол станцияларына, әуежайларға, мәдени орталықтар және тарихи ескерткіштерге кірмелерді қамтамасыз ететін автомобиль жолдарының құрылысын салуды, жөндеу мен ұстауды қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қаласының әкімі "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2701 U952701_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес 1997 жылы Алматы қаласында орналасқан төлемшілерден республикалық Жол қорына төлемдердің түсуін қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі

Алматы қаласының әкіміне 1997 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша төлемдердің жеке шоттарын беруді бір апта мерзімде жүзеге асырсын.

3. Алматы қаласының әкімі:

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп, республикалық Жол қоры қаражатын бөлудің және есеп ұсынудың тетігін әзірлесін;

республикалық Жол қорынан түскен қаражаттың мақсатты пайдалануын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі